

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# FinePower BA286

## Ұялы телефоны



## ***Құрметті сатып алушы!***

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

### ***Құрылғының мақсаты***

Ұялы телефон – телефон қоңырауларын қабылдауға және жасауға, сондай-ақ ұялы байланыс арқылы мәтіндік хабарларды қабылдауға және жіберуге арналған.

### **Қауіпсіздік туралы ақпарат**

- Телефонды және барлық құрамдас бөліктерді балалардың қолынан тыс ұстаңыз.
- Телефонды құрғақ күйде сұйықтықтан алыс ұстаңыз, себебі бұл электр тақшаларының қысқа тұйықталуына немесе жемірілуіне

әкелуі мүмкін. қысқа тұйықталуына немесе жемірілуіне әкелуі мүмкін.

- Телефонда шаң, лас, құм, азық-түлік немесе басқа да орынсыз материалдардың жиналуына жол бермеңіз.
- Сұйық немесе аэрозольді тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Қажет болған жағдайда, шаңды кетіру үшін тек жұмсақ, шашақсыз, құрғақ шүберекті телефонның сыртын тазалау үшін пайдаланыңыз. Тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз (құрамында алкоголь бар, аэрозольді, абразивті және т.б.).
- Телефонды қоршаған ортаның тиісті жағдайларында қолданыңыз. Оны  $-10^{\circ}\text{C}$ -тан төмен емес және  $45^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары емес тым жоғары немесе тым төмен температураға ұшыратпаңыз, себебі бұл телефонның батареясы мен пластикалық бөліктеріне зақым келтіруі мүмкін, сонымен қатар электр тақшаларының қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Егер Сіз құрылғыны бір ортадан екінші ортаға тасымалдайтын болсаңыз және температура мен/немесе ылғалдылықта үлкен айырмашылық болса, телефонның бетінде немесе ішінде конденсат пайда болуы мүмкін. Құрылғының бұзылуын болдырмас үшін,

құрылғыны қолданар алдында ылғалдың кетуіне жол беріңіз.

- Телефонды лақтырмаңыз, өйткені осының салдарынан ішкі электрлік тізбегі немесе басқа жоғары дәлдіктегі құрамдас бөліктері істен шығуы мүмкін.

### ***Жол қозғалысы қауіпсіздігі***

Ешқандай жағдайда автокөлікті басқару барысында ұялы телефонды пайдаланбаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны пайдаланыңыз.

### ***Әуе кемесіндегі қауіпсіздік***

Әуе кемесінің бортында болған кезде телефонды пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдары навигация жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін.

### ***Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру***

Телефонды ықтимал жарылыс қаупі бар атмосферада немесе жанғыш заттар бар жерлерде өшіріңіз (мысалы, құю бекеттерінде, жанармай қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда).

### ***Арнайы ережелерді сақтау***

Ауруханаларда және басқа да қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі келтіруі мүмкін екенін ескеріңіз.

### ***Қызмет көрсету***

Телефонды ешқашан өзіңіз бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Мұны арнайы рұқсаты бар адам орындауы қажет. Бұл шарттың бұзылуы телефон өндірушісінің кепілдік міндеттемелерін жояды.

### ***Басқа құрылғылармен қосылу***

Телефонды қандай да бір құрылғыға қоспас бұрын, нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ешбір жағдайда бұл құралға арналмаған ешқандай жабдықты телефонға қоспаңыз.

### ***Жедел қоңырау шалу***

Жедел қоңырау шалу үшін телефон қосулы және қандай да бір оператордың желісінің әрекет ету аймағында екеніне және қоңырау шалу функциясы белсенді екеніне көз жеткізіңіз. Қоңырау шалу үшін әдеттегі телефон нөмірін тергендей, 112 жедел қоңырау шалу нөмірін теріп, қоңырау шалу батырмасын басыңыз. Төтенше жағдай қызметкеріне қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.

## ***(Li-pol/Li-ion) аккумуляторлы батареямен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар***

### ***Тек түпнұсқалы зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.***

1. Зарядтау алдында батареяны телефонға салыңыз.
2. Зарядтау құрылғысын телефонға жалғаңыз.
3. Зарядтаушы құрылғысының ашасын розеткаға қыстырыңыз.
4. Батарея деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанға дейін жыпылықтайды.
5. Зарядтау кезінде батарея әдетте қызады, бұл қалыпты жағдай.

**Назар аударыңыз:** зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаған жағдайда телефон зарядталмайды. Желінің кернеу деңгейі мен қуаты зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Осыдан кейін Сіз телефонды пайдалана бастай аласыз.

### ***Температура режимін сақтаңыз.***

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек. АКБ өте жоғары (50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануға жол бермейді. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сонымен қатар оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарына жақын қалдырмаңыз.

### ***Бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдану іздері бар АКБ-ны қолданбаңыз.***

Ешбір жағдайда АКБ-ны дербес бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы керек. Элементтерді тесу немесе жапыру, арты өрт пен жарылысқа ұласатын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусында саңылауды пайда болған кезде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сүтегі шығарылу реакциясы мен тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттар шығарады. Егер АКБ штаттық режимде жұмыс істемей қалса, қандай да бір себептермен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т.б.),



дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** АКБ-ның жұмыс уақыты желінің теңшеулеріне және басқа да көптеген факторларға байланысты болып келеді (процессорға жүктеме, LCD дисплейінің жарықтылығы және т.б.); нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің шектеулі санына жол береді және біраз уақыттан кейін ауыстыруды қажет етуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және теңшеулерге байланысты болады.

### ***Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз***

- Батареяны тек телефонның жеткізілім жинақтамасынан пайдаланыңыз. Аккумулятор батареясын басқа типті (сәйкес келмейтін) батареямен ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.
- Батареяны алып шығармас бұрын телефонды өшіріңіз.
- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін.

- Егер телефонды қосу үшін батарея кернеуі жеткіліксіз болса, батареяны ұзақтау зарядтаңыз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер батарея жағымсыз иіс шығара бастаса немесе қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

## Құрылымы схемасы





1. Шам.
2. Сөйлесу динамигі.
1. 3.Сол жақ функционалдық батырмасы.
3. Қоңырауды қабылдау батырмасы.
4. «ОК» батырмасы.
5. Оң жақ функционалдық батырмасы.
6. Қоңырауды қайтару батырмасы / қосу/өшіру батырмасы / «Назад» (Артқа) батырмасы.
7. \* батырмасы / Экранды бұғаттаудан шығару.
8. Шамды қосу батырмасы.
9. # батырмасы / Профильдерді ауыстыру.
10. Құлаққапты қосуға арналған ағытпа. (3,5 мм).
11. Micro-USB ағытпасы (ДК-дан зарядтау және синхрондау үшін).
12. Камера.
13. Динамик.

## ***Жұмысты бастау***

### ***SIM-картаны мен жад картасын орнату***

1. Телефонды қосу/өшіру батырмасын бірнеше секунд ұстап тұрып телефонды өшіріңіз.
2. Құрылғының төменгі сол жағындағы ойықты іліп алып телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын алып шығарыңыз.
4. SIM-картасын құрылғы корпусында көрсетілген схемаға сәйкес контактілерді төмен қаратып слотқа салыңыз.

5. Жад картасын орнату үшін оны слотқа алтын түсті контактілерін төмен қаратып салыңыз.
6. Батареяны орнына салыңыз.
7. Артқы қақпақты абайлап жабыңыз.



**Назар аударыңыз!** Бұл құрылғы 2 мини SIM-картаны қолдайды (суретті қараңыз). Сәйкес келмейтін SIM-карталарды пайдалану картаның немесе құрылғының өзін зақымдауы мүмкін, сонымен қатар картада сақталған ақпараттың зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.



## ***Телефонды қосу және өшіру***

Телефонды қосу үшін қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын біраз уақыт ұстап тұрыңыз. Экранда қуат қосылуының анимациясы пайда болады.

Телефонды бұғаттау құпиясөзін енгізіңіз (қажет болған жағдайда) және оны растау үшін ОК батырмасын басыңыз.

PIN-кодты енгізіңіз (қажет болған жағдайда) және оны растау үшін ОК батырмасын басыңыз. PIN-код Сіздің желі операторыңызбен ұсынылады.

Телефонды өшіру үшін қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын бірнеше секунд басып тұрыңыз.

## ***Желіге қосылу***

SIM-карта салынып, телефон қосылғаннан кейін құрылғы автоматты түрде қол жетімді желіні табады. Осыдан кейін телефон белсенді пайдалану режиміне өтеді. Экранда пайдаланылып жатқан желінің атауы көрсетіледі және Сіз шығыс қоңыраулар жасап, кіріс қоңырауларын қабылдай аласыз.

## ***Шығыс қоңырауы***

Қажетті нөмірді теріп, қоңырауды қабылдау/іске асыру батырмасын басыңыз.

## **Ақпаратты енгізу**

Телефон мәтінді орыс және ағылшын тілдерінде енгізуді және сандық енгізуді қолдайды (телефон кітабындағы ақпаратты өңдеу, мәтіндік хабарламалар, жазбалар жазу).

## **Мәзір**

### **Хабарламалар**

Бұл мәзір мәтіндік хабарламаларды оқуға, енгізуге, жіберуге және сақтауға мүмкіндік береді.

- Қабылданған хабарламалар **Кіріс** бумасында сақталады.
- Жіберілмеген хабарламалар **Шығыс** қалтасында сақталады.
- Алдын ала сақталған, бірақ жіберілмеген хабарламалар **Жоба** қалтасында болады.
- Теңшеулерде жіберілген хабарламаларды сақтау функциясы қосылған жағдайда жіберілген хабарламалар **Жіберілген** атты қалтада болады. Жіберілген хабарламаларды сақтау функциясын қосу/өшіру **Мәзір > Хабарламалар > Опциялар > Хабарламалар теңшеулері > Жіберілген хабарламаларды сақтау** тармағын таңдау жолымен жүзеге асырылады.
- **Шаблондар** қалтасында мәтіндік хабарлама шаблондары сақталған. Сіз жауап беру үшін алдын-ала жазылған шаблондарды қолдана

ала жазылған шаблондарды қолдана аласыз немесе мәтіндік хабарламалардың өз нұсқаларын жасай аласыз.

### **Хабарламаны енгізу және жіберу**

1. **Мәзір > Хабарламалар > Хабарлама жазу** тармағын таңдаңыз.
2. **Контактілер** өрісіне бір немесе бірнеше телефон нөмірін енгізіңіз.
3. Хабарлама мәтінін енгізіңіз.
4. Хабарламаны жіберу үшін «ОК» орталық пернесін басу арқылы **Жіберуді** таңдаңыз.
5. Егер Сіз сол мезетте хабарламаны жібергіңіз келмесе, **Опциялар > Жоба ретінде сақтау** мәзірін таңдау арқылы терілген хабарламаны жоба ретінде сақтап қоюыңызға болады. Сақталған хабарлама **Жобалар** мұқабасында орналасатын болады.

### **Хабарламаны қарау және оған жауап беру**

1. Қабылданған хабарламаны қарау үшін **Мәзір > Хабарламалар > Кіріс** тармағын таңдаңыз.
2. Хабарламаға жауап беру үшін **Опциялар > Жауап беру** тармағын таңдаңыз.
3. Хабарлама мәтінін енгізіңіз.
4. Хабарламаны жіберу үшін «ОК» орталық пернесін басу арқылы **Жіберуді** таңдаңыз.

### ***Хабарлама жіберу***

1. Жібергіңіз келетін хабарламаны ашыңыз.
2. ***Опциялар > Жіберіп салу*** мәзірін таңдаңыз.
3. ***Контактілер*** өрісіне бір немесе бірнеше телефон нөмірін енгізіңіз.
4. Хабарламаны жіберу үшін «ОК» орталық пернесін басу арқылы ***Жіберуді*** таңдаңыз.

### ***Хабарламаны жою***

1. Өзіңіз жойғыңыз келетін хабарламаны Кіріс, Шығыс, Жобалар немесе Жіберілген мұқабасында белгілеңіз.

2. ***Опциялар > Жою*** мәзірін таңдаңыз.

Сіздің таңдауыңыз расталғаннан кейін хабарлама жойылады.

Қажетті хабарламалардың кездейсоқ жойылуын болдырмау үшін Сіз осындай хабарламаларды бөлектеп алып және ***Опциялар > Бұғаттау*** мәзірін таңдау арқылы қорғауға болады. Хабарламадан қорғауды алып тастау үшін ***Опциялар > Бұғаттан шығару*** мәзірін таңдаңыз.

### ***Қоңыраулар журналы***

Қабылданбаған, шығыс, кіріс және қайтарылған қоңырауларды тіркеу ұялы желі осы қызметті ұсынса,



ал телефон қосұлы болса және ұялы байланыс аймағында болса ғана мүмкін болады

- Қоңыраулар туралы ақпаратты қарау үшін **Мәзір > Қоңыраулар журналы > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Мәліметтер** тармағын таңдаңыз.
- Бұрын тіркелген нөмірге қоңырау шалу үшін **Мәзір > Қоңыраулар журналы > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Қоңырау шалу** тармағын таңдаңыз.
- Бұрын тіркелген нөмірге мәтіндік хабарлама жіберу үшін **Мәзір > Қоңыраулар журналы > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Хабарлама жазу** тармағын таңдаңыз.
- Бұрын тіркелген нөмірді қара тізімге қосу үшін **Мәзір > Қоңыраулар журналы > Қабылданбаған/Шығыс/Кіріс/Қайтарылған > Опциялар > Қара тізімге қосу** тармағын таңдаңыз.
- Барлық қоңыраулар журналын тазарту үшін **Мәзір > Қоңыраулар журналы > Барлығын жою** тармағын таңдаңыз.

### **Контактілер**

Телефон нөмірлерін SIM-картасында немесе телефон жадында (телефон кітапшасында) сақтауға болады. Телефонда 300-ге дейін контактілерді сақтауға болады.

SIM-картада сақтауға болатын нөмірлер саны SIM-карта операторына байланысты.

Телефон кітапшасындағы жазбалар алфавиттік ретпен орналастырылады. Контактіге өту үшін телефон кітапшасындағы контакті есімінің бірінші әрпін енгізіңіз. Ұсынылған тізімнен нақты контактіні таңдау үшін жоғары/төмен батырмаларын пайдаланыңыз. Топтарды (отбасы, достар, жұмыс, сыныптастар) қарау үшін телефон кітапшасындағы «Группа» (Топ) мәзірін ашыңыз; контактілер тізімі мен топтар тізімі арасындағы ауысу «оңға»/«солға» пернелерімен жүзеге асырылады.

### ***Контактіні іздеу***

***Мәзір > Контактілер > Іздеу*** тармағын таңдаңыз. Контактілер тізімін айналдырып шығыңыз немесе табу керек есімнің бірінші әріптерін енгізіңіз.

### ***Контактіні қосу***

Есімдер мен телефон нөмірлері таңдалған жадта сақталады. Есім мен телефон нөмірін сақтау үшін

***Мәзір > Контактілер > Опциялар > Жаңа***

тармағын таңдаңыз.

### ***Контактілерді жою***

Телефон жадынан немесе SIM-картасынан барлық контактілерді жою үшін ***Мәзір > Контактілер >***

***Опциялар > Телефоннан жою / SIM1 / SIM2***

тармағын таңдаңыз. Бірнеше контактіні жою үшін

***Мәзір > Контактілер > Опциялар > Бірнешесін***

***жою*** тармағын таңдаңыз.

## **Жылдам теру**

Жылдам теру пернесіне телефон нөмірін тағайындау үшін **Мәзір > Контактілер > Опциялар > Қосымша > Жылдам теру** тармағын таңдаңыз. Қажетті жылдам теру пернесін таңдап, оған телефон нөмірін жазыңыз.

## **Камера**

Орнатылған камера фотосурет түсіруге және бейнеклиптерді жазуға мүмкіндік береді.

**Назар аударыңыз!** Бұл функция телефонда жад картасы орнатылған кезде ғана жұмыс істейді. Суретке түсіру үшін «ОК» орталық пернесін басу арқылы Суретті таңдаңыз.

**Мәзір > Камера > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Опция > Камера / Бейнекамера** - Камера/Бейнекамера түсіру режимі арасында ауысу;
- **Опция > Жарықтық** - суреттің жарықтығын реттеу;
- **Опция > Контраст** - суреттің контрастын теңшелеу;
- **Опция > Суреттер сериясы** - бірнеше фотосуретті түсіру режимі (3 немесе 6 дана);
- **Опция > Ақшыл теңгерім** - кадрдағы бейтарап түс теңшелімі;
- **Опция > Әсерлер** - түсіру кезінде түрлі түсті эффектiлердi теңшелеу;

- **Галерея** - түсірілген фотосуреттерді қарау;
- **Теңшелім > Түсіру кезіндегі дыбыс** – бекітпе дыбысын қосу/өшіру.

## **Мультимедиа**

### **Аудиоойнатқыш**

Телефонға жад картасында орналасқан AAC, MP2, MP3, WAV форматындағы аудио файлдарды тыңдауға арналған музыкалық ойнатқыш орнатылған. Музыкалық ойнатқышты басқару келесі пернелермен жүзеге асырылады:

- **«OK» орталық түймесі** - ойнатуды ойнату/тоқтату;
- **Жоғары пернесі/# пернесі** - дыбыс деңгейін жоғарылату;
- **Төмен пернесі/пернесі \*** - дыбыс деңгейін төмендету;
- **«оңға» пернесі/«оңға» пернесін басып тұру** - келесі композицияға өту/ағымдағы әнді алға айналдырып жіберу;
- **«солға» пернесі/«солға» пернесін басып тұру** - алдыңғы композицияға өту / ағымдағы әнді артқа айналдырып жіберу.
- Аудио файлдарды ойнатуды тоқтату үшін **Опция > Шығу** тармағын таңдаңыз.

## **Галерея**

Бұл мәзір жад картасында орналасқан JPG форматындағы суреттермен жұмыс істеуге арналған.

**Мәзір > Мультимедиа > Галерея > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Жою** – белгіленген сурет файлын жою; егер Сіз бірнеше суретті жойғыңыз келсе, **Опциялар > Белгілеу** мәзірін таңдаңыз;
- **Атын өзгерту** – сурет файлының атауын өзгерту;
- **Слайд-шоу** – барлық қол жетімді суреттерді үздіксіз қарау режимін қосу;
- **Мәліметтер** – сурет файлы туралы ақпаратты қарау.

## **Бейнекамера**

**Назар аударыңыз!** Бұл функция телефонда жад картасы орнатылған кезде ғана жұмыс істейді. Бейнеклипті түсіруді бастау үшін «ОК» орталық пернесін басу арқылы **Жазуды** таңдаңыз.

**Мәзір > Мультимедиа > Бейнекамера > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Опция > Камера/Бейнекамера** - Камера/Бейнекамера түсіру режимі арасында ауысу;

- **Опция> Өлшем** - бейнеклиптердің ажыратымдылығын таңдау;
- **Опция> Жарықтық** - суреттердің жарықтығын теңшелеу;
- **Опция> Контраст** - суреттердің контрастын теңшелеу;
- **Опция> Суреттердің сериясы** - бірнеше фотосуреттерді түсіру режимі (3 немесе 6 фотосурет);
- **Опция> Әсерлер** - түсіру кезінде түрлі түсті эффектiлердi теңшелеу;
- **Менің файлдарым** - түсірілген бейнеклиптерді қарау;
- **Теңшелімдер > Аудио ойнатқыш** - бейне клипті жазу кезінде дыбысты қосу/өшіру.

### **Бейнеойнатқыш**

Телефонға жад картасында орналасқан 3GP форматындағы бейнеклиптерді көруге арналған бейне ойнатқыш орнатылған.

Музыкалық ойнатқышты басқару келесі пернелермен жүзеге асырылады:

- **«ОК» орталық түймесі** - ойнатуды ойнату/тоқтату;
- **Жоғары пернесі/# пернесі** - дыбыс деңгейін жоғарылату;
- **Төмен пернесі/пернесі \*** - дыбыс деңгейін төмендету;

- **«оңға» пернесі/«оңға» пернесін басып тұру** - келесі композицияға өту/ағымдағы әнді алға айналдырып жіберу;
- **«солға» пернесі/«солға» пернесін басып тұру** - алдыңғы композицияға өту / ағымдағы әнді артқа айналдырып жіберу.
- **«2» пернесі** - ойнату режимін толық экранға / жартылай экранға ауыстыру;
- **«4» және «6» пернелері** - экран жарықтығын өзгерту.

Аудио файлдарды ойнатуды өшіру үшін **Опциялар** > **Шығу** мәзірін таңдаңыз.

## **Диктофон**

Телефон сөйлеуді жазуға мүмкіндік береді.

**Мәзір** > **Мультимедиа** > **Диктофон** > **Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Жазуды бастау** – диктофонды қосу;
- **Жазбалар** – бұрын жасалған жазбалардың тізімі;
- **Файл форматы** – аудиожазба форматын таңдау.

## **Менің файлдарым**

Бұл мәзір бөлімі үйлесімді **microSD** форматындағы жад картасы қосылған кезде ғана қол жетімді.

**Мәзір** > **Менің файлдарым** > **Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Жаңа қалта** – жад картасында жаңа қалта жасау;
- **Жою** – таңдалған файлды немесе қалтаны жою;
- **Белгілеу** – бірнеше қалталарды немесе файлдарды жою немесе көшіру

## **Телефон теңшеулері**

### **Қоңырау шалу теңшеулері**

**Мәзір > Теңшеулер > Қоңырау теңшеулері** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **SIM-карталарды теңшеу > Күту режимі** – бұл мәзірде Сіз қандай SIM-карта белсенді болатынын таңдай аласыз;
- **SIM-карталарды теңшеу > SIM1-ден жауап беру** – бұл функция іске қосылған кезде барлық шығыс қоңыраулар мен хабарламалар бірінші слотта орнатылған SIM-картадан жүзеге асырылатын болады (яғни, қай SIM-картадан шығыс қоңырауларды жасап, хабарлама жіберуді таңдау режимі өшіріледі);
- **Қоңырауларды қайтару** – әр түрлі жағдайларда кіріс қоңырауларды қайта адрестеу;
- **Қоңырауды күту** – екінші кіріс қоңырауды қабылдау мүмкіндігін беретін функцияны қосу/өшіру;
- **Қоңырауларды бұғаттау** – әр түрлі жағдайларда кіріс және шығыс қоңырауларды бұғаттау;



- **Қосымша > Қара тізім** - нөмірлерді қарау қара және тізімге қосу;
- **Қосымша > Қоңырау уақыты туралы еске салу** – ағымдағы қоңыраудың ұзақтығы жайлы қайта-қайта еске салады;
- **Қосымша > Нөмірді автоматты түрде қайталау** – нөмірге сәтсіз қоңырау шалған жағдайда телефон абонентпен қайта қосылуға бірнеше рет әрекет жасайды;
- **Басқалары > Қайтару, мәтіндік хабарламамен жауап беру** – кіріс қоңырау қабылданбаған жағдайда, қайтарылған нөмірге мәтіндік хабарлама жіберу ұсынылады;
- **Басқалары > Сөйлесулерді автоматты түрде жазу** – телефон қоңырауларын автоматты түрде жазуды қосу.  
**Назар аударыңыз:** бұл функция жад картасы қосылған кезде ғана жұмыс істейді.
- **Ұшақта** - барлық радио функцияларын өшіріліп тұратындай, телефонды **Ұшақ режиміне** ауыстырыңыз.

## Телефон теңшеулері

**Мәзір > Теңшеулер > Телефон** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Уақыт пен күн** – уақытты, күнді, сондай-ақ уақыт пен күн форматын өзгерту;

- **Тіл** – мәзір тілі мен мәтіндік хабарламаларды енгізу тілін таңдау;
- **Жылдам қатынау пернелері** – навигация пернелері мен сол жақ функционалдық перненің функцияларын өзгерту;
- **Кесте бойынша қосу/өшіру** – телефон аппаратын автоматты түрде қосу және/немесе өшіру уақытын теңшеу.
- **Теңшеулерді қалпына келтіру** - барлық пайдаланушы теңшеулерін қалпына келтіру.

**Назар аударыңыз!** Пайдаланушы теңшеулерін қалпына келтіруге арналған құпиясөз 1234.

### **Экран теңшеулері**

**Мәзір > Теңшеулер > Экран** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Суреттерді теңшеу** – негізгі экранның суреттерін реттеу;
- **Негізгі экран теңшеулері** – уақыт пен күн туралы хабарландыруларды, қосылған SIM-карталар және негізгі экранда орналасқан басқа ақпаратты теңшеу;
- **Жарықтылық** – экранның жарықтылығын теңшеу;
- **Пернелерді жарықтандыру** – пернелерді жарықтандыру уақытын теңшеу;
- **Пернетақтаны автобұғаттау** – экранның жұмыс уақыты мен пернетақта бұғатталғанға дейінгі уақытты теңшеу.

## **Қауіпсіздік теңшеулері**

**Мәзір > Теңшеулер > Қауіпсіздік** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **PIN-ды өзгерту** – SIM-картаның PIN-кодын өзгерту;
- **PIN2-ні өзгерту** – SIM-картаның PIN2-кодын өзгерту;
- **Телефонды қосылған кезде бұғаттау** - құрылғыны қосқан кезде, құпиясөзді сұрау функциясының қосылуы;
- **Экранды қосу батырмасымен бұғаттау** – телефонды қосу/өшіру пернесін қысқа уақыт басқан кезде экранды өшіру және пернетақтаны бұғаттау функциясын қосу;

## **Bluetooth**

Бұл құрылғы шағын гарнитураны қосуға, файлдарды жүктеуге немесе жіберуге мүмкіндік береді. Bluetooth сымсыз технологиясы 10 м-ге дейінгі радиуста орналасқан басқа үйлесімді Bluetooth құрылғыларымен байланысты қамтамасыз етеді.

**Мәзір > Теңшеулер > Bluetooth** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Bluetooth** – Bluetooth функциясын қосу немесе өшіру.
- **Bluetooth көрерлігі** – телефонды басқа Bluetooth құрылғыларында бейнелеу әдісін таңдау.

- **Түйіндескен құрылғы** – телефонның қамту радиусындағы Bluetooth құрылғыларын іздеу және оларға қосылу.
- **Құрылғы атауы** – бейнеленетін құрылғы атауын өзгерту.

## **Оятқыш**

Телефон белгіленген уақытта оятқыш сигналдарын ойната алады.

**Мәзір > Оятқыш > Өзгерту** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Қосу/өшіру** – оятқышты қосу/өшіру.
- **Хабарламалар** – оятқыш профилінің тақырыпаты;
- **Уақыт** – оятқыштың іске қосылу уақытын орнату.
- **Әуен** – оятқыш әуенін орнату. Қоңырау әуенінің төрт түрін таңдауға болады. Жүйелік қоңырау әуендерін, жад картасынан өз әуендерді, таңдалған радиостанцияның әуенін немесе өзіңіз таңдаған әуенді диктофонға жазып алып орната аласыз.
- **Қайталау режимі** – оятқыштың іске қосылу жиілігін таңдау: бір рет, апта сайын немесе таңдалған күндерде.

## **Профильдер**

Әртүрлі жағдайлар мен жұмыс шарттары үшін телефонның түрлі параметрлері телефонның дыбыстық сигналдарын теңшеуге мүмкіндік беретін профильдерге (режимдерге) біріктірілген. **Мәзір > Профильдер > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Қосу** – таңдалған профильді белсендіреді.
- **Қосу** – өз профиліңізді жасауға мүмкіндік береді.
- **Жою** – жасалған профильдерді жоюға мүмкіндік береді.
- **Теңшеулер** – таңдалған профильді теңшеу. Мәнін өзгерткіңіз келетін параметрді таңдап, қажетті өзгертулерді енгізіңіз.

## **Ойындар**

Телефонның бағдарламалық жасақтамасында **Сокобан** ойыны бар.

## **Құралдар**

### **Күнтізбе**

Күнтізбеде күн мен тапсырмаларды қарау мүмкіндігі бар. Күнтізбеде ең көп дегенде 20 тапсырманы тағайындауға болады.

**Мәзір > Құралдар > Күнтізбе > Опциялар** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Тапсырманы қосу** – белгілі бір күнге жаңа тапсырманы қосу;
- **Тапсырмаларды қарау** – таңдалған күнге жоспарланған тапсырмаларды қарау;
- **Барлық тапсырмалар** – барлық тағайындалған тапсырмаларды қарау;
- **Бүгінге тапсырмаларды тазарту** – белгілі бір күнге тағайындалған барлық тапсырмаларды жою;
- **Барлығын жою** – барлық тағайындалған тапсырмаларды жою;
- **Апта сайын** – күнтізбені бір аптаға қарау режимі;
- **Күн** – күнтізбені бір күнге қарау режимі.

### **Калькулятор**

Телефонға орнатылған калькулятор негізгі арифметикалық амалдарды орындауға мүмкіндік береді. Ондық нүктені енгізу үшін \* басыңыз.

### **Пернетақтаның жыпылықтауы**

- Бұл функция кіріс қоңыраулар кезінде қосылған кезде, пернетақтаның жарықтандыруы белгілі бір жиілікпен қосылады.

### **Шам**

- Жарық аз жағдайда орнатылған шамды қолданыңыз.

## ***Электронды кітап***

Телефонға енгізілген қосымша txt UTF-8 немесе Unicode форматында жазылған электронды кітаптарды оқуға мүмкіндік береді.

## ***Секунд өлшеуіш***

Секунд өлшеуіш бірнеше нәтижелерді тіркеу мүмкіндігімен және өлшеуді тоқтата тұру/қалпына келтіру функциясымен уақыт аралықтарын өлшеуге мүмкіндік береді.

## ***Әлемдік уақыт***

Басқа уақыт белдеуіне ауысқан кезде ***Мәзір > Құралдар > Әлемдік уақыт > Опциялар > Жергілікті уақытты орнатыңыз*** және уақыт белдеуін дүниежүзілік уақытқа (GMT) қатысты уақыт айырмашылығы ретінде таңдаңыз. Уақыт пен күн уақыт белдеуіне сәйкес орнатылады, бұл телефонда қабылданған мәтіндік хабарламалардың жіберу уақытын дұрыс көрсетуге мүмкіндік береді.

## ***Оператор мәзірі***

Бұл мәзір желі операторы ұсынатын қызметтер порталына кіруге мүмкіндік береді. Бұл мәзірдің атауы мен мазмұны толығымен қол жетімді қызметтер жиынтығымен анықталады. Осы мәзірдің бөлімдері туралы қосымша ақпаратты ұялы байланыс операторынан алуға болады.

## ***FM-радиосы***

***Мәзір > FM-радио > Опциялар*** тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- ***Автоматты түрде іздеу және сақтау*** – жаңа радиостанцияларды іздеу және сақтау;
- ***Арналар тізімі*** – табылған радиостанциялар тізімін қарау;
- ***Қолмен енгізу*** – радиожиілікті өз бетімен енгізу;
- ***Динамикті қосу*** – орнатылған динамик арқылы радиобағдарламаларды тыңдау; бұл функция сымды гарнитура қосылған кезде ғана белсенді болады;
- ***Фондық ойнату*** – радиостанцияларды тыңдауды үзбей, телефонның басқа функцияларын пайдалануға мүмкіндік береді;
- ***Жазу*** – ағымдағы радиостанцияны жазуға мүмкіндік береді;
- ***Кесте бойынша жазу*** – радиостанцияны және жазу уақытын таңдауға мүмкіндік береді.

## ***Ықтимал мәселелер және олардың шешімі***

Егер Сіз телефонның жұмысында ақауларды байқасаңыз, зауыттық параметрлерді қалпына келтіріп, келесі кестеге жүгініңіз. Егер Сіз ақауды өз бетімен шеше алмасаңыз, өндірушіге немесе оның ресми өкіліне немесе желі операторына хабарласыңыз.



<b>Ақау</b>	<b>Себебі</b>	<b>Шешімі</b>
SIM-карта қатесі.	SIM-карта зақымдалған.	Өзіңіздің желі операторыңызға хабарласыңыз.
	SIM-карта дұрыс салынбаған	SIM-картаның тұрысын тексеріңіз.
	SIM-картаның металл контактілері ластанған.	SIM-картадағы контактілерді тазалаңыз.
Желінің әлсіз сигналы.	Сигнал бұғатталуда. Радио толқындарға жақын орналасқан биік ғимарат кедергі келтіруде немесе Сіз ғимараттың жертөле қабатында тұрсыз.	Сигналға ештеңе кедергі жасамайтын жерге барыңыз.
	Қарбалас сағаттарда желінің шамадан тыс жүктелімі.	Телефонды қарбалас сағаттарда пайдаланбауға тырысыңыз.

Телефон қосылмауда.	Батареяның заряды жеткіліксіз.	Батареяны зарядтаңыз.
Қоңырау шалу мүмкін емес.	Қоңырауларға тыйым салу белсендірілген.	Қоңырауларға тыйым салуды алып тастаңыз.
Телефон желіге қосылмауда.	SIM-карта ақаулы.	Өзіңіздің желі операторыңызға хабарласыңыз.
	Телефон желі аймағынан тыс жерде орналасқан.	Желінің әрекет ету аймағына өтіңіз.
	Желінің әлсіз сигналы.	Жоғары сигналдың әрекет ету аймағына өтіңіз.
Батарея заряд-а.	Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеумен сәйкес келмейді.	Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеумен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз

	<p><i>Үйлеспейтін зарядтау құрылғысы.</i></p>	<p><i>Телефонмен жинақтамада бірге келетін немесе өндіруші ұсыным жасаған зарядтау құрылғысын қолданыңыз.</i></p>
	<p><i>Әлсіз контакті</i></p>	<p><i>Зарядтау құрылғысының ағытпасы телефонға дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.</i></p>

## ***Техникалық сипаттамалары***

1. Үлгісі: BA286.
2. Екі micro SIM-картасы.
3. Қолдау көрсетілетін жиілік диапазоны: GSM 900/1800 МГц.
4. Экраны: 2,8", 240x320.
5. Камера: 0,08 Мп.
6. Bluetooth 2.1.
7. FM радиосы.
8. MicroSD жад карталарын қолдау.
9. Мәтіндік хабарлар.
10. Аккумуляторлы батарея: литий-ионды, 3000 мА·сағ.

11. Радиотаратқыш құрылғы: Bluetooth.
12. Байланыс стандарты: IEEE 802.15.1.
13. Жиіліктер диапазоны: 2400–2483,5 МГц.
14. Таратқыштың қуаты: <100 мВт.

## ***Сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері***

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Ибинь Бовэй Интеллидженс Тэкнолоджи Ко., ЛТД.

Синган тас жолының батыс секциясы № 27, Ибинь Порт экономикалық және технологиялық даму аймағы, Ибинь қ., Сычуань пров., Қытай.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан. Қытайда жасалған.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника өнімдерінде қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" ТР ЕАЭС 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталуы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI:

---

Кепілдікке қойылған күні:

---

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

## Ұялы телефоны

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

## Жиынтықты аккумуляторлық батарея және зарядтық құрылғы

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

## Басқа жиынтықтық аксессуарлар

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

